

"Жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларацияның нысанын және оны жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 20 маусымдағы № 322 бүйрығына өзгеріс енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 8 ақпандағы № 87 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 10 наурызда № 14883 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 21 маусымдағы № 617 бүйрығымен

**Ескерту. Бүйрықтың күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 21.06.2018 № 617 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу және кедендей әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. "Жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларацияның нысанын және оны жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазахстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 20 маусымдағы № 322 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13940 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 1 тамызда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін.

З-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы бүйрық 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Тенгебаев) заңнамада белгіленген тәртіpte:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпараттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Каржы министрі*

*Б. Сұлтанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК